Мерзімді
басылымдар за

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

www.writers.kz
www.qazaqadebieti.kz

1934 жылғы
10 қаңтардан
шыға бастады

# Мен — Жамбылмын, Жамбылмын,

# ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

**Зәки АХМЕТОВ,**
**академик**

Жамбыл — ұлы жырау, қазақтың халықтық ауызша поэзиясының классигі. Халық поэзиясында кең өріс алып, әбден кемеліне келіп жетілген, өлеңді суырып салып айту, ақындық импровизация дүние жүзі әдебиетінде сирек кездесетін ғажап құбылыс десек, Жамбыл — осы суырып салма өнердің асқар тауы. Сөз жоқ, Жамбылды ұлы жырау еткен — оның дарындылығы мен импровизатор ақындығы ғана емес, жасынан ел мұңын түсініп, терең сезіне білгендігі, іштей халыққа жақындығы. Жасы ұлғайған кезінде Жамбылдың есімін бүкіл көп ұлты Одаққа жайып, әлемге әйгілеген — оның топтан озған айрықша шешендігі ғана емес, оның туған халқының атынан сөйлей алатын данагөй, көпті көрген көсемдігі. Халық даналығын бойына жиып алған, өмірдің мағынасын, адамның мінез-парқын айқын тани білген ұлы ақын туған халқының мүддесін тілек-мақсаттарын қандай терең түсінсе, жалпы адамзаттық мұраттарды, құндылықтарды да сондай бағалай алды. Қазақ халқының басқа елдермен жақын-жуық, достық қатынаста болуын ол күнделікті өмірдің өз шындығы ретінде қабылдады. Жамбылдың бірталай өлең-жырларында Қазан төңкерісінен кейінгі жаңа дәуірдің жаршысы болғаны сол кездегі ресми саясатқа бас ұрғандық деуге болмайды. Әрине, халықтың ойынан шығатын, жүрегіне жететін өтімді сөз, өткір өлең-жыр саясат жүргізушілерге қажет болды. Қалай десек те, Жамбыл өзінің туған халқын басқа елдерге, бүкіл дүние жүзіне танытатын зор тұлға болды. Оның ақындығы, көңілі жүйрік алғырлығы, даналығы талайларды аузына қаратты, тамсандырып, таңырқатты. Мұны біз өлең сөздің құдіреттілігі, халық поэзиясында кең орын алған импровизаторлық өнердің өміршендігі демей не дейміз?!

Иә, біз өлеңді суырып салып айту, ақындық импровизация дегенді жиі айтамыз. Бірақ осы ұғымның шеңбершегін белгілеп, мән-мағынасын айқындап, әртүрлі қырларын барлап, байсалды түрде ғылыми жүйеге келтіре түсіне алдық па?

Ақындық импровизация кезінде көптеген елдердің әдебиетінде орын алған. Кейін жазба әдебиеті дамыған кезде, өлең шығармалар кітап болып басылып тараған уақытта ауызша поэзияға тән бұл өнердің бұрынғы маңыздылығы азайып, аясы тарылып, әдеби дәстүрдің ескіден қалған бір жұрнағы секілді болып қалған. Бірақ эпостық жыр дәстүрі күшін жоймай, әлі де қоғамдық, әдеби өмірде ауызша поэзия елеулі қызмет атқарып келе жатқан елдерде өлеңді суырып салып айту өнері, ақындық импровизация шетқақпай қалмай, бағасын жоймай, айтарлықтай өміршендік сипат танытып келеді.

Бұл жағынан алғанда ауызша поэзиясы бүгінгі кезге дейін қатардан қалмай келе жатқан қазақ әдебиеті дүние жүзі халықтарының сөз өнерінде өз кезінде өлеңді суырып салып айту шеберлігін жоғалтып алмай, жарқын күйінде сақтап келді дей аламыз.

Сонымен қатар суырып салма өнер, ақындық импровизация дегенде ауызша поэзиядағы алуан түрлі терме, толғау, айтыс өлеңдері секілді лирикалық туындылардың табанда ешбір дайындықсыз тыңнан шығарылып айтылатыны назардан тыс қалмауы керек. Және осындай импровизациялық өнер, өлеңді суырып салып айтуға шеберлік ауызша поэзияда өте кең қанат жайған, мол өріс алған құбылыс екенін мойындауымыз шарт.

Жамбыл туралы сөз қозғағанда суырып салма өнердің ерекшеліктерін әр қырынан қарауға толық мүмкіндік бар. Өйткені, Жамбыл — лирикалық өлеңнің алуан түрлерін туғызған көп қырлы ақын. Сонымен қатар сөз сайысында алдына жан салмаған айтыс ақыны да болғаны және ұзаққа талмай шабатын өрен жүйрік дастаншыл жыршы екені көпке мәлім.

Табан астында әзіл-қалжыңды қиыстырып өлеңмен келтіру немесе тілдескен кісінің сөзін қақпалап қағытпа сөз түрінде бір-екі ауыз өлең шығара салу суырып салма өнердің ең қарапайым, ел арасында кеңінен тараған түрі болса керек.

Жамбылдың аузынан шыққан осындай көлемі ықшамды, бірақ мағынасы терең, тартымды әзіл-қалжың, қағытпа өлеңдер аз емес. Суырып салып шығарылған өлеңге тән басты қасиет — ой желісінің үзілмей, іркілмей, үнемі өрістеп, бір арнада дамып отыруы, осыған орай сөздің ағыл-тегіл, еркін айтылуы. Бұл жағынан суырып салма өлеңде ауызекі айтылатын сөздің қалпы көбірек сақталады.

Жамбылдың реті келгенде табан астында суырып салып ағыл-тегіл айтып жіберуге шебер болғанын оның әр кезде әртүрлі жағдайда шығарған өлеңдерінің қай-қайсысынан да аңғара аламыз.

Мысалы, Кенен Әзірбаевтың айтуы бойынша, бір жылы Жамбылдың бетжүзге қарамай сөйлейтін өткір тілді мінезін ұнатпағандықтан оны ел көп жиылатын көрмеге шақырмайды. Сонда ұлықтар отырған үйге ұлықсатсыз кіріп келіп, Жамбыл өлеңдетіп қоя береді:

Ау, мен — Жамбылмын,
Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Көргенім көп көне едім,
Өлең-жырға қамбылмын,
Күніреніп күні-түні
Жалғыз қалып қаңғырдым.
Қатар-құрып қадірлес
Замандасты сағындым.
Қатаған мен Кебекбай —
Мақамдасты сағындым.
Көкте жүзген күміс Күн,
Аппақ Айды сағындым.
Қалдырмайтын тойынан
Ноғайбайды сағындым.
Кедейлерді жақтамай,
Байға қашан жағындым?
Болысқа қашан бағындым?
Бой бермей жүріп оларға,
Бостандығым сағындым.
Күткен күнім туғандай,
Құрметім мен олжамнан
Не себепті қағылдым?
Жас ақындар қасында
Дудар шашың басында,
Сиыр баққан, тас өртеп,
Әкелерінді білуші ем,
Ораз бенен Жұбаныш,
Торқалы тойға шақырмай,
Мен сендерге не қылдым?

Жамбыл өлеңді көбінесе қазақ поэзиясында ертеден орнығып қалыптасқан дәстүрлі «жыр» үлгісінде шығарған. Ол тақырыбы, жанрлық сипаты әр алуан келетін лирикалық өлеңдерінде де, сондай-ақ көлімді толғау, сюжетті дастандарында да осы жыр өрнегін қолданды. Ырғақтық құрылысы жағынан алғанда жыр өлшемі жеті-сегіз буынды тармақтардан тұрады. Жеті буынды тармақ 4 буынды және 3 буынды екі бунақтан құралады да, ал сегіз буынды тармақ 3 буынды, 2 буынды және 3 буынды болып келетін үш бунақтан құралады. Тармақтары еркін ауысып келе беретін бұл өлшем — ырғағы серпінді, толқымалы, барыншы ықшамды да жеңіл болып, өте келісті жасалған өлең түрі. Жырдың құрылыс-өрнегі барлық жағынан (тармақтарының көлемі, бунақталуы, топтасуы, ұйқасы) құйылып отыратын. Суырып салма жыр ағысының еркіндігін сақтауға, айтылатын ойды керегінше өрістетіп әкетуге өте қолайлы. Бұл орайда жырда өлең тармақтары белгілі мөлшермен шектелмей, еркін топтасып, түйдек-түйдегімен келуінің де мәні бар. Түйдектің (тирада) ерекшелігі және артықшылығы — онда жеке-жеке ойлардың кеңінен өрістеп шарықтауына сәйкес көптеген тармақтарда мағынасы, айтылудағы дауыс толқыны, синтаксистік құрылысының бірлестіктұтастығы, ұйқасы жағынан біріктіріп, топтастыруға болады.

Жамбыл жыр өлшемімен қатар халық поэзиясында кең тараған он бір буынды өлең үлгісін де жиі қолданады. Он бір буынды өлеңді суырып салып айтатын ақындар мұны өткен ғасырда мол пайдаланған. Себебі ол — мейлінше икемді, кең тынысты өлең өлшемі. Өлең тармақтарының құрылысы, әр тармақ бірнеше бунаққа бөлінетіндіктен ырғағының ширақтығы және жеңілдігі, ұйқас, шумақ өрнегінің келісімділігі — қай жағынан алғанда да бұл өлең түрі — поэзиядағы өлшемділік, өрнектіліктің кемеліне келген, әбден шыңдалып жетілген тамаша үлгісі. Ендеше Жамбыл да өлеңді табан астында суырып салып айтқанда осы он бір буынды өлең түрін жиі қолданатыны таңқаларлық нәрсе болмаса керек. Мысалы:

Сақалым — темір күрек
борға малған,
Селеудей шашым селдір
зорға қалған.
Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,
Көрілік немді қойды қорламаған.

Құлпырған қызыл шырай
түсімді алды,
Аузымды опырайтып, тісімді алды.
Босатып буынымның шегелерін —
Сындырып тұла бойдан
күшімді алды.

Бұл өлеңді Жамбыл қандай жағдайда айтқанын Әбділдә Тәжібаев нақтылы баяндап берген.

Бірде үлкен айнаның алдында тоқтап, өз бейнесін айнадан көріп тұрған Жамбыл жанына жақындап келіп неге кідіріп қалғанына таңырқағандай сынай көрсеткен Леонид Соболевке қарап (және қасындағы Мұхтар Әуезов пен Әбділдә Тәжібаевқа естіртіп) осы өлең әзіл-қалжынды араластыра айтқан көрінеді. Тағы бір мысал:

Бұл Жамбыл көрген бұрын
талау-таран,
Кез болды енді оған алтын заман.
Кең жатқан байтақ ұлан шежіремін,
Тарихтың домбырасын
қолына алған.

Жамбылдың ардақталып бұлбұл сөзі,
Гауһардай нұрын төгіп екі көзі.
Тоқсанда қайтып алам
жиырма бесті,
Жасарып қарт бабаңның
тұрған кезі.

Бұл өлеңді де (ол кейін «Қайтып келген жастық» деген атпен ақынның жинағына басылған) Жамбыл бір топта әңгіме үстінде сөздің орайына қарай айтылған жауап түрінде шығарғанын Қасым Аманжолов кезінде жазған болатын: «Сол отырыста әрқайсымыз өз өлеңдерімізді оқыдық. Кейбіріміз өн салдық, өлең мен әнге үйір еместеріміз небір көңілді қызық сөздер айттық, — деп жазады Қасым Аманжолов, — Ерсілі-қарсылы сапырылысқан сөз дариясына түстік те, ел ақындары мен жастар жан-тәнімізге дейін араласып кеттік. Өлең, әңгіме барған сайын қыза берді. Жәкеңнің жүзіне ерекше бір шырай кіргендей болды. Ол, тіпті тоқсанның күпісін лақтырып тастап, жиырма бестің жібек шапанын жамылып, құлпырған бір жас болып шыға келді.

— Әттең, сендердің замандарында, сендердің жастарында болмадым ғой, — деп қояды Жәкең әрбір әңгімені қорыта келіп.

— О, не дегеніңіз, Жәке. Кейбір жастардан сіз қазірдің өзінде де жассыз, — деді біздің бір досымыз сол мезетте. Жәкең әлгі сөзді айтқан жігітке шұқшия бір қарады да домбыра алды қолына. Тына қалды. Жәкеңнің дүние сырын көп жұтқан тұңғиық кеудесінен гүрілдеген бір үн шықты. Сол-ақ екен жыр тасқын ақтарыла бастады».

Жамбылдың «Өмір жыры» аталып:

Еске алсам ертегідей ертеңі өткен,
Талай жан жүрегінің жырын
төккен.
Еңіреп ен даладан бақыт іздеп,
Таба алмай аңсап Асан қайғы да
өткен.
Құландай қақтан безген Қорқыт
қаңғып,
Кездеспей көрден басқа
ол да кеткен, —

деп басталатын өлеңі де он бір буынды өлшеммен шығарылған.

Бұл — Жамбыл Тбилисиде Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған батыр» атты поэмасының 750 жылдығына арналған Грузия Жазушылар одағының пленум мәжілісінде айтқан өлеңі. Осы өлеңін Жамбыл қандай керемет шабыттанып айтқанын Мұхаметжан Қаратаев былай сипаттаған:

«Ақын домбырасын қолға алған кезде зал іші тына қалды... Әуелі тамағын кеңеп, қанатын қомдаған қырандай азкем құңжыңдап, екі иығын бұлкілдетіп, домбырасын қағып-қағып жіберді. Сонан соң сөзсіз үнін созып бір қайырды да нөсер жаңбыр секілді сөз бұршағын төге жөнелді. Қарасам, Жәкеңнің бүйрек бетіне күреңітіп қан жүгіріп, мандайынан шып-шып тер шығып тұр екен. Ақынның саусағымен бірге жауырыны да ойнақшып, жыр тасқынын барған сайын үдете түсті. Қарт дүлдүлдің талай шабысын көріп едім, бірақ бұл секілді шабытпен, бұл секілді құшырлана да құлшына сілтегенін көруім бірінші рет. Түйдек-түйдек түскен теңеу мен образдар, үсті-үстіне төпеген арынды өлең шумақтары басқа түгіл біздің өзімізді таң қалдырды. Бір замат алда отырған Кенен мен Тайырға көзім түсіп кеткен еді — екеуінің көзінен жас ағып отыр екен». М. Қаратаев жолда поезд үстінде Кавказ туралы, Грузия туралы, Шота Руставели туралы Жәкеңе ой салу үшін Тайыр екеуі бірталай әңгіме қозғағанын айтады. Бірақ қарт ақын ертеңгі пленумда сөйлесеңіз дегенде келісім бергендей болмаған соң «расында, сөйлемей қалса, не қылмақпыз деп бүкіл делегация болып абыржыдық» дейді.

Жамбылдың шабыты келген кезінде жырды қалай толғап айтатыны жайында қарт ақынға Мұхтар мен Сәбитке ілесе барып кездескен Әбділдә Тәжібаевтың сөздерінен де біраз түйін жасауымызға болады.

«Ау, мен — Жамбылмын,
Жамбылмын,
Қара жолдай даңғылмын.
Жастайымнан жын буып,
Өлең құдым, қаңғырдым.
Шапқан жерді шаң қылдым.
Айтысқанда таң қылдым,
Тындаушымды қандырдым... —

деп, Жәкең домбырасын қолға алып «Ау» деп бір айқайлап алып бастап кеткенде «әуелі өзін мадақтап алды» дейді Әбділдә Тәжібаев. Жамбыл отырғандардың өзінен не айтуды тілейтінін сұрап, Мұхтар мен Сәбиттің «Заман туралы сөйлеңіз» дегендей сұрауларын мақұлдағандай болады да көп кідірмей, өлеңді тез бастап кетеді. Жаңағы келтірілген жолдардан кейін «Қасында аттың жүйрігін мінгенін, қыздың сұлуын сүйгенін де жасырған жоқ. Ол жерлерін күле тындадық», — дейді Әбділдә. Содан соң бірте-бірте жаңағы Мұхтар мен Сәбит сілтеген бағыттарға ауыса бастады. Әуелі «айта берсем өңгімем бітпес еді» деп бір өтті. «Замандар жайын сөйлейтін «Қырымның қырық батырынан» хабардар екенін ескертті. «Манас» та сөйленеді. «Көруғлының қай саласын айт дейсіздер?» деп тыңдаушыларына тағы бір көз тастады. Одан кейін Сұраншы мен Саурықтар туралы екі күн қатар жырлай алатынын айтты».

Жамбыл бұл жерде дастан айтатын нағыз жыршы ақынның мінезін бір сәт айқын танытқандай болады. Қай дастан, жырды айтса да тыңдаушыларға талдау жасатқандай қалпы осыны аңғартады. Есте сақтау қабілеті аса күшті жыршы ақындар дәстүрлі дастан жырдың сөзін айтқан сайын өзгерте беруге ұмтылмайды. Бұрынғы өзі айтып келген сөз үлгісін, өрнектерін сақтап отырады. Бірақ бұл жолы Жамбыл өзі білетін көп дастанның бірін де жырламай замана туралы ұзақ толғау жырын шынайы шабыттана отырып, тыңнан шығарып айтып бергенге ұқсайды. Әбділдә Тәжібаев «Жәкең жаңа бір ырғақпен бастаған толғауын тоқтатпай тақпақтай берді» дей отырып келтірген үзінділерден біз ұлы жыраудың белгілі толғау жырындағы сөздерін жазбай танимыз:

... Қазақ қазақ болғалы,
Көрдік қой талай хандарды.
Өткіздік қой біз бастан
Азапты, ауыр заңдарды.
Қоқан билеп бір кезде,
Өрістегі малды алды,
Қоныстағы жанды алды.
Сол бір өткен заманнан
Арман болар не қалды...

Бір сағаттан аса тынбай жырлаған Жамбыл тыңдаушыларын ырза қылғанын Әбділдә Тәжібаев атап айта кетеді және Мұхтар Әуезовтің сол жерде айтқан сөзін де келтіреді:

«Мінеки! — деді Мұхаң Сәбеңе қарап, екі қолын бірдей жайып, — импровизатордың шеберлігі деген осы. Эпостағы бұрын қолданылып жүрген образдарды қалай пайдаланады! Мүдірмей ағытып, өзінің биік идеялы тамаша жырын табанда тудырып отырғанда халық байлығы оған алтындай құйылып, жарқылдатып жатқан жоқ па? Бұрынғы ұлы адамдар да осылай сөйлеген».

Жамбылдың «Сұраншы» дастанын зор шабытпен жырлағанын көзімен көрген Дихан Әбілев былай дейді:

«Жәкең домбыраны көп күйлеп отырмайды екен. Кәрі саусақтарымен қос ішекті бірер қағып жіберіп:

Ақ домбыра қолға алып,
Ай мен апта толғанып.
Өзен құйған теңіздей,
Жырдың селі тасқындап,
Ақ семсердей жалтылдап,
Шағылысқан күн шалып...

деп толғай бастағанда-ақ көкірегінің шаңын жыр дауылмен сілкілегендей сергектей берді. Құп-қу бозғылт өңі көкке аунаған бұрылдай құнақшып шыға келді. Мана қырман басында көргенімде, жасы әбден жеткендіктен қаусап қалған қартты бұлайша жыр толғайды деп ойлаған жоқ едім» — дейді. Енді ол ойынан қайтып, Жәкеңнің ақындық жігер-күшінің әлі де мол екенін сүйсінген сезіммен бейнелеп айтады: «Бастаудан көз алған қайнар бұлақ шапшып атып, шымырлап ағып өзенге айналып, алысқа сілтеп барады. Құлағым сөзінде, көзім өзінде, ұйып тыңдаймын. Толғап-толғап бір тастап қайырып, сәл тыныстап қайыра сілтегенде тозығы жеткен боздай өңіне болар-болмас жұқа қызғылт пайда болып қалып отырды».

Міне, бұл — нағыз ақындық шабыттың ажыратып алуға көнбейтін қасиеті, өлеңді суырып салып айтудың бірдені-бір шарты. Нағыз ақын адамға мұның өзі әбден үйреншікті болған, оның бірден-бір тума қасиеті. Айтатын ойдың логикалық қисынын тапқан сәтте өлеңге тән сөздің ырғақтың құрылысқалпы, өлшемділігі мен үйлесімі өрнектеліп шыға келеді. Шынайы суырып салма ақынға жай сөзбен, қара сөзбен сөйлеуден де ойын өлеңмен айтып берудің өзі жеңіл және тартымды, әсерлі де.

... Әнші деген ат болмас
Әуезі көңіл жуатпай.
Алатаудан арындап,
Аққан судай құлатпай,
Қыбыршыған көңілдің.
Қытығын тауып сұратпай,
Досың болса күлдіріп,
Сүйсіндіріп жұбатпай.
Жауың болса бүлдіріп,
Домбырың — берен, сөзің — оқ,
Дәл тигізіп сұлатпай, —

деп ұлы жырау тегін айтпаған. Жамбылдың өнерпаздық тұлғасы, қоғамдық нысанасы, арман-мұраты, шарықтап шалқыған шабыты туралы түйгендерімізді осы өз сөзімен тиянақтауды жөн көрдік.

## Қаламгерлерге құлаққағыс

**21 тамызда Парламент үйінде, сағат 10-да Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Жыр алыбы Жамбылға арналған мерекелік сессиясы басталады.**

**22 тамызда, сағат 10-да Жазушылар одағының мәжіліс залында Қазақстан Жазушылар одағының ұлы ақын-жыраудың 150 жылдық мерейтойына арналған кеңейтілген мерекелік пленумы ашылады. Пленумға Жазушылар одағы мүшелерінің бәрі шақырылады.**



# Қара жолда